

## Есіл ауданы бойынша үй иттері мен мысықтарды ұстau ережесі туралы

### **Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 20 ақпандығы N 46 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 17 наурызда N 1189 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 мамырдағы N 18/116 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009.05.19 N 18/116 Шешімімен**

2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына және 2001 жылдың 30 қаңтарындағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына сәйкес, Есіл ауданында үй иттері мен мысықтарының санитарлық тазалық жағдайын тәртіпке келтіру мақсатында, аудандық мәслихат **ШЕШІТІ**:

1. Есіл ауданы бойынша үй иттері мен мысықтарды ұстau ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім облыстық әділет департаментінде тіркелгеннен кейін күшке енеді.

*Аудандық*

*Мәслихаттың*

*хатшысы, сессия төрағасы*

*Аудандық*

*мәслихаттың*

*шешіміне*

*2004*

*жылдың*

*20*

*ақпандығы*

*Есіл*

*ауданы*

*бойынша*

*үй*

*иттері*

*мен*

*мысықтарды*

*ұстau*

*ережесін*

*бекіту*

*туралы*

*шешіміне қосымша*

## Есіл ауданы бойынша үй иттері мен мысықтарды ұстau ЕРЕЖЕСІ

### **1. Жалпы ереже**

1. Осы ереже меншіктің нысанынан байланыссыз кәсіпорындармен үйымдарды қоса, Есіл ауданында барлық үй мысықтары мен иттердің иелеріне қатысты .

2. Ит пен мысық иелері жануарларын З айлығынан бастап жыл сайын жындануға және басқа ауруларға қарсы вакциналар жасатып, үй жануарларын мал дәрігерлік мекемелерінде тіркеуге міндettі. Вакцинадан өткендігі туралы анықтама тіркеуден өткендігін күзетші қызметшілердің күжат болып табылады.

3. Мысық пен иттерді ұстағандан мал дәрігерлік-санитарлық және санитарлық-гигиеналық ережені міндettі түрде сақтау.

4. Мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің зообұрыштарында жануарлар ұстасында тек мал-дәрігерлік қызметтің рұқсатымен ғана мүмкін. Балалар үйлерінде, балабақшаларда, алдын ала емдеу мекемелерінде қүзетші иттерді тек байланып қана ұстай алады. Балалардың олармен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін болдырмау.

5. Иттің ақпараттық таңбамен белгіленген, арнайы бөлінген жерлерде қалдыруға рұқсат етіледі.

6. Сатуға және сатып алуға қолда мал-дәрігерлік күәлік немесе анықтама болған жағдайда рұқсат етіледі.

7. Адамдарды ит, мысық және басқа да үй жануарлары тістеп алған жағдайда, иесі медициналық және мал-дәрігерлік мекемелеріне тез хабарлауға міндettі.

8. Қоғамдық жерлерде иесіз жүрген, сондай-ақ дүкеннің алдын ала емдеу мекемесінің және ауданның басқа да ұйымдарының алдында байлаулы қалдырған иттер мен мысықтар жатады.

## **2. Жануарлар иелерінің құқықтары мен міндettтері**

9. Жануар иесі оны биологиялық ерекшелігіне сәйкес ұстасында, жануарға қамқорлықпен қарауға, ауырып қалған жағдайда қараусыз қалдырмауға, уақытында мал-дәрігерлік көмек көрсетуге міндettі.

10. Ит пен мысық иелері мемлекеттік мал-дәрігерлік инспекторлардың талабы бойынша жануарларды қарауға, диагностикалық зерттеуге, екпе және алдынала емдеу процедураларына әкелуге міндettі.

11. Ит пен мысық иелері, адамдар мен жануарларды тістеген өз асырандыларын, карантин кезеңі ішінде оларды қарау ушін мал- дәрігерлік мекемесіне тез жеткізуға міндettі.

12. Көп пәтерлі түрғын үйлерде ит ұстасын жағдайда, тыныштықты сақтау шараларын қабылдау.

13. Иттің қызыртуға иттің аты, иесінің мекен-жайы мен телефоны туралы мәліметті бар тізгінде шығаруы керек. Ит тұмылдырықта болуы тиіс.

14. Пайдалануында жер участкесі бар ит иелері оларды бос ұстайларына болады, тек жақсы қоршалған аулада немесе байлаулы болса. Участкіге кіре берісте иттің бар екендігі туралы ескертетін жазуы болуы тиіс.

15. Көше арқылы және магистраль жанынан өткенде ит иесі, жол- көлік апатын және иттің жолда өлуін болдырмау мақсатында, оны тізгінге алуға міндетті .

16. Одан әрі ұстауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, жануар басқа иеге берілуі немесе қаңғырған жануарларды аулауды жүзеге асыратын арнайы кәсіпорынға тапсырылуы тиіс .

17. Жануар өлген жағдайда, оның денесі мал-дәрігерлік мекемелерінің маманымен қаралады және иесімен қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының мал жерлейтін жерлерінде жерленеді, Өлген жануарды ауыл аумағында лақтырып тастауға тыым салынады.

18. Жануар иесінің меншігі болып табылады және басқа меншіктер сияқты заңмен корғалаады .

19. Жануарлар иесінен сот шешімі бойынша, сондай-ақ заңмен қарастырылған жағдайда алынуы мүмкін.

20. Иесі итін шектеулі уақытқа дүкеннің немесе басқа мекеменің жанында қысқа тізгінге байлаулы қалдыруға (ірі итті тұмылдырықта) құқылы.